



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
15.05.2020 № 02 ге

**Тұрақты комиссияның
2020 жылғы 15 мамырдағы
қаулысы**

**«Нұр-Сұлтан қаласы аумағының
Қала құрылысы регламентін
іске асыру барысы туралы (Дизайн-код)»**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласы аумағының Қала құрылысы регламентін іске асыру барысы туралы (Дизайн-код)» ақпаратты тыңдап әрі талқылағаннан кейін, жергілікті атқарушы органмен елорда аумағында Қала құрылысы регламентін іске асыру бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы аумағының Қала құрылысы регламенті (Дизайн-код) бірыңғай сәулет стилін енгізудің құралы болып табылады, оның негізгі параметрлері «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген.

Бұл жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде функционалды аймақтарды дамыту ережелері жасалды, олар 2018 жылы қалалық мәслихаттың шешімімен бекітілген. Екіншіден, көше-жол кеңістігін абаттандыру және оған іргелес жатқан ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін ресімдеу қағидалары.

Бүгінгі таңда Қағидаларға сәйкес келмейтін нысандарды анықтау мақсатында ғимараттардың қасбеттерінде орналасқан жарнамалық конструкцияларды тексеру басталды. Тек қана магистральдық көшелер бойында жүргізілетін 338 объектіде жұмыстар толығымен аяқталды. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша фотоальбом дайындалып, онда сәулет талаптарына сай емес барлық нысандар бейнеленеді. Суретке түсіргеннен кейін қызыл сызықтың бұзылғанын немесе конструкцияның тротуар желісіне шығып кетпегендігін анықтау үшін топографиялық түсірілім жасалады.

Тексерумен қатар «Сарыарқа» және «Алматы» аудандарындағы қоғамдық кеңістіктерді реконструкциялау жұмыстары басталды.

Қазіргі уақытта кіреберіс топтарын, ғимарат қасбеттерін дизайн-кодқа сәйкес реконструкциялау үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындалуда, қасбеттерге, кіреберістер топтарына, кішігірім сәулеттік нысандарға, соның ішінде көше-жол желісіне қатысты ұсынымдар жасалынуда.

Қаланың Қала құрылысы регламентін одан әрі іске асыру елорданың қала ортасын едәуір жақсартуға ықпал етеді.

Сонымен бірге, тұрақты комиссия Нұр-Сұлтан қаласының аумағында Қала құрылысы регламентін (Дизайн-код) іске асыру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, бірқатар жүйелік проблемалар байқалатындығын атап өтті. Қалада Қала құрылысы регламентінің жоқтығы «адамға ыңғайлы - қала ортасы» жүйесінің қолайлы өзара іс-қимылына байланысты бірқатар проблемаларды туындатты. Жалпы алғанда, сапалы және эстетикалық тартымды абаттандыру бойынша кейбір элементтердің дұрыс орындалмауы, тиісті күтімнің және уақтылы жөндеудің болмауы жаяу жүргіншілер үшін ыңғайсыз және тіпті қауіпті болуы да ықтимал. Ұтымсыз конструкциялық және жоспарлау шешімдері кейінгі пайдалану кезінде жасыл екпелердің күйін нашарлатады, сондықтан ағаштың жан-жағын жауып тастау оның құрап қалуына алып келеді. Кейінгі жылдарда көгалдардың құрғап кетпейтін жерлерінде дренаждың болмауы оның сулануына, ішінара немесе толық жоғалуына әкеледі. Мұндай учаскелер жыл сайын жөндеуді қажет етеді. Көршілес көгалдардан өсімдіктер өсетін жерлердің шайылып кетуі, жаяу жүргіншілер транзитінің жеткіліксіз ені, көрші көгалдардың тапталуына алып келеді, жолдың беткі қабатының ластануын және шаңның таралуын тудырады, бұл қала экологиясына кері әсерін тигізеді. Нұр-Сұлтан қаласындағы жекелеген ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттері тиісті түсті шешімдермен және сәулеттік жарықпен, кішігірім архитектуралық формалармен күрделі жөндеуді қажет етеді, түрлі-түсті реңкі бар шешімдермен қоса, көп стильді шешімдер орын алған. Елордада кейбір ғимараттар қарапайым архитектуралық және стилистикалық пропорциялар мен ережелер туралы ешқандай сынға келмейді. Жолдар мен жаяу жүргіншілер жүретін жолдардың нақты бөлінуі болмағандықтан, тротуарлар жаяу жүргіншілердің жүруі үшін ыңғайсыз және қауіпті. Тротуарлар әртүрлі нысандардың, яғни кіреберіс топтарының, баспалдақтардың, аялдамалар павильондарының нашар орналасуы, олардың нашар ұйымдастырылуы және жүргізуші мәдениетінің төмендігі салдарынан жиі тарылып кетеді, ал бұл жаяу жүргіншілердің жүріп-тұру қозғалысын қиындатады. Тұрғындарға жайлы жағдай жасау үшін қала ортасын жақсартуға жүйелі тәсіл қажет.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Нұр-Сұлтан қаласы аумағының Қала құрылысы регламентін іске асыру барысы туралы (Дизайн-код)» туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

«Нұр-Сұлтан қаласы аумағының Қала құрылысы регламентін іске асыру барысы туралы (Дизайн-код)» іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру;

елордадағы сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін мониторингтеу;

белгіленген талаптарға сәйкес ғимараттардың қасбеттеріндегі жарнамалық конструкциялардың, көрнекі жарнаманың мазмұны мен дизайнына ерекше назар аудару;

қалада ақпараттық конструкцияларды орналастыруды реттеу;

елорда күніне орай меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындардың ғимарат қасбеттерін және қоғамдық орындарды тазарту бойынша бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру;

құрылыс қасбеттерін әйнекпен көмкеруді бірыңғай стильге келтіру механизмдерін пысықтау;

жасыл екпелерді сәулетпен үйлесімді ете отырып, елорданың толыққанды сәулет-көркемдік келбетін қалыптастыру үшін алдыңғы қатарлы технологиялар мен материалдарды пайдалану;


жарнама тақтасының мазмұны мен дизайнына ерекше назар аударатырып, ғимараттардың сәулеттік, стилистикалық және реңктік ерекшеліктерімен үйлесетін маңдайша жазулардың көркемдік шешімдерін әзірлеу;

жасыл екпелерді егу барысында кәсіби көгалдандырумен айналысатын адамдарды жұмысқа тартуға ерекше назар аудару;

Нұр-Сұлтан қаласының архитектуралық-көркемдік ортасын қалыптастыруға қатысатын жобалаушылар мен бизнес өкілдері Дизайн-кодты қолданулары туралы кеңейтілген ақпарат беру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



С. Жүнісов